

Химади М.С., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, МИО-51 тобы, магистрант
(Ғылыми жетекшісі - т.ғ.к., доцент, тарих факультеті Өскембаев Қ.С.)

Ж.БЕКТҰРОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨРНЕКТІ ТҮЛҒАЛАР

Қазақ халқының аса күрделі де әлеуметтік және қоғамдық-саяси қайшылықтармен ерекшеленетін кезеңі ол әрине, ХХ ғасырдың басы болды. Осы ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы Сталиндік қуғын-сүргін саясатының зардабын, қазақ зиялыларының өмір шындығын ашық жазып, тарихтың терең де тылсым қойнауларына қадам жасап, қоғамда әлеуметтік әділдік принципінің орнығуына ықпал еткен жазушы - Жайық Кәгенұлы Бектұров еді. Еліміз егеменді тәуелсіздігін алған шақта құнды деректерге толы тарихи еңбектер жазған ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сол себепті де оны зерттеп, талдау біздің мақсатымыз болып табылады.

Ж.Бектұров 1912 жылы 14 қазанда Ақмола облысының кәзіргі Ақкөл (кеңес заманындағы Алексеевка, оған дейін Сталин) ауданындағы Амангелді ауылында дүниеге келген. Ежелде бұл жер Моншақты болысының Қызылағаш деп аталған жері екен. Жайық атамыз өзінің өміріне арналған кітапшасында: «Әжем Рысты (Қант) доңыз жылы ел күздік соя бастаған уақытта туып едің», - деп отыратын дейді. Құжат деректері бойынша 1912 жылы туған деп аталып жүрген атамыздың бұл естелігіне сүйенсек, дұрысы 1911 жылы болады [1]. Ж.Бектұровтың ірі тұлға болып қалыптасуына шыққан ортасы да әсер етпей қоймады. Ол туралы сол жылдары (1973 жылы) ҚарМУ қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істеген, доцент, филология ғылымдарының кандидаты Қаби Лакеров өзінің «Жайық туралы сөз» мақаласында былай деп суреттеп жазды: «Жайық Бектұров ағамыз сонау көрікті Көкшемен іргелес, самалды, саялы, көк торғынға оранған орман-тоғайлы әсем аймақ - Моншақты тауларының баурайында туған. Бұл - газетсіз, радиосыз, театрсыз шақта, Көкшенің кеудесін көркем сахна етіп, қапастағы халқының көңілін өлең-жырмен аулаған - сал-серілер елі. Осы өңірдің тумалары: сегіз қырлы Біржан, өрелі Орымбай, шапағатты Шоқан, асқақ үнді Ақан, Үкілі Ыбырай, батыр Балуан-Шолак» [2, 1 п].

Ж.Бектұров - қоғам және еңбек ардагері, журналист, жазушы, аудармашы, публицист, КСРО Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Бүкілодақтық географиялық қоғамының мүшесі, Қарағанды қаласының құрметті азаматы [3, 47 б]. Қазақ коммунистік университетін (1934), Қазақ мемлекеттік университетін бітірген (1955). ҚАКСР Халық ағарту комиссариатының Атбасар қаласында мұғалімдер курсы (1928) бітірген соң, мұғалім болып қызмет істеді. 1932-1937 жылдары комсомол жұмысында, ал 1937-1938 жылдары «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары, 1938-1939 жж. облыстық «Коммунист» (Жамбыл қ.) газетінің жауапты редакторы, 50-жылдары педагогтік жұмыста, 1958 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облысаралық бөлімшесінің жауапты хатшысы болып қызмет атқарды [4, 91 б].

Жалпы Жайық ағаны жазушы еткен оның қилы тағдыры. Олай дейтін себебіміз: 1942 жылы мамыр айында қамауға алынып, КСРО НКВД-сінің Айрықша кеңесінің шешімімен сырттай он жылға Солтүстік Оралға «ИВДЕЛЬ-ЛАГ» еңбекпен түзету лагеріне айдалды [3, 47 б]. Бұл үкім РКФСР Қылмысты істер кодексінің 58-ші бабының келесі 2, 10, 11 тармақтары негізінде жүзеге асырылды: 2 тармағы - қарулы көтеріліс немесе билікті басып алу мақсатында басып кіру (ату жазасы, азаматтығынан айыру, халық жауы ретінде мүлкін тәркілеп, жер аудару); 10 тармағы - мазмұны бойынша арнайы қорғалатын мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді шетелдік мемлекеттерге, контрреволюциялық ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға беру мақсатында жинау немесе ұрлау, беру, шпиондық; 11 тармағы - патша өкіметі немесе азамат соғысы кезінде контрреволюциялық үкіметтерде жауапты немесе ерекше құпия лауазымдарда көрінген революциялық қозғалыстармен жұмысшы табына қарсы белсенді күрес немесе белсенді әрекет. Түптеп келгенде тағылған

айып, астыртын ұлтшыл ұйымға кірді деген жала болатын. Сегіз адамнан тұратын (НКВД жендеттері ойластырған) бұл топ Кеңес өкіметіне жаулық іс-әрекет жасауды мақсат етіпті-мыс. Түрмедегі тергеушілердің басты мақсаты «қылмысын» қалайда, қандай әдіспен болса да мойындату еді. Жабылған жаладан ол тек Хрушевтың «жылымық» жылдарында 1955 жылы ҚазКСР Жоғарғы сотының Президумының шешімімен қамаудан шықты. 1988 жылы 22 тамызда оның ісі ҚазКСР Жоғарғы сот президумының шешімімен қайта қаралып, ал 21.09.1993 ж. № 11/4 кр-3-88 номермен Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты берген анықтама бойынша түбегейлі ақталғанды [5]. Сталиндік лагерьде өткізген жылдар мен лагерь өмірінің қатал сындары, ұлт бейнесін мүлдем жойып жіберуге шақ қалған тоталитаризм жайлы және елдегі саяси қуғын-сүргін туралы ол «Төгілген ар» атты романын жазып шығарды. Бұл романда жазушы қуғын-сүргін құрбаны болған А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және тағы басқалары жайында алғашқылардың бірі болып ащы шындықты айтты [6, 2 п].

Жазушының «Төгілген ар» романы қазақ қоғам қайраткерлері арасында қызу талқыға түсіп, оң бағасын алды. Романға сын-пікірді сол кездегі Қазақстан Жазушылар Одағының проза бөлімінің меңгерушісі Бердібек Соқпақбаев 1964 жылы жазған. Онда: «Жазушы Жайық Бектұров «Төгілген ар» дейтін роман жазып, Жазушылар одағының талқысына ұсынғалы бірсыпыра уақыт өтті. Бұл көлемді еңбекті автор талай жылдар тер төгіп жазып шыққан. Роман мемуарлық сипатта, автордың бастан кешіп, көзбен көрген уақиғаларына құрылған. Жеке адамға табыну дәуіріндегі заңсыздық шындық тұрғысынан әділ баяндалады. Бұл шығарманы әдебиеттің бірсыпара көрнекті өкілдері оқып шықты. Жазушылар Ғ.Мұстафин, Әбу Сәрсенбаев, Ә.Тәжібаев, Ғ.Мүсірепов жолдастар оқыды. Жазушылар одағы проза секциясының тарапынан мен оқыдым. Жұрттың негізгі пікірі жаман емес. Автор мәнерлі, жатық тілмен, оқуға қызғылықты етіп баяндайды. Нанымсыз жәй жоқ. Жеке адамға табыну дәуірінің көп қиянат заңсыздық жайлары партиялық көзбен ұстамды да, дұрыс талданып көрсетіледі. Біз жазушылар одағының проза секциясы Ж.Бектұров жолдастың еңбегін кітап етіп басып шығару жағындамыз» [7, 3-4 п]. Жазушы Бердібек Соқпақбаевтың осы берген сын бағасын менің «Төгілген арымның» алғашқы 500 бетін оқып шыққаннан кейін маған жаза бастаған пікірі еді», - деген болатын [7, 3-4 п].

1940 жылдан бастап жазылған роман 1989 жылы аяқталды. Бірінші бөлімі 1996 жылы «Жұлдыз» журналына жарияланып, тек 1997 жылы «Қазақстан» баспасында «Таңба» атауымен үш бөлімнен тұратын кітап болып толық басылып шықты.

Мазмұны терең, әр түрлі тақырыпты кеңінен қамтитын Ж.Бектұров шығармашылық еңбектерін зерттеу барысында Қарағанды Мемлекеттік облыстық мұрағатында жазушының жеке қорымен жұмыс жасадық. Әдебиет, поэзия, тарих, публицистиканы дамытудағы зор үлесін, тоталитарлық жүйенің шындығын ашудағы үлкен еңбегін ескере отырып, сол кездегі Қарағанды облыс әкімі М.Есенбаев «Ж.Бектұровтың тарихи-әдеби мұрасын облыстық мемлекеттік мұрағатқа өткізу туралы» өкім шығарды. Облыс әкімінің өкіміне сәйкес 1999 жылы Ж.Бектұровтың шығармашылық мұрасын мұрағатқа тапсыру жөнінде 8 адамнан тұратын комиссия құрылды. Мұрағаттағы жеке қорына құжаттарды жұбайы Ж.Жәукен тапсырған [8, 1 б].

Жазушы шығармашылығын құнды тарихи дерек көзінің басты арнасы деуге болады. Негізгі тақырыбы - сталиндік қуғын-сүргін құрбандарының өмірі, қайраткерлігі, шығармашылығы болды. Қазақстанға жеткен жариялылықтың алғашқы сәтінде «Қазақ әдебиеті» газетіне 1988 жылы «Ағалардың жазығы не еді?» деген мақаласын жариялады. Мұнда Кеңес өкіметін орнатқан, оның шаңырағына алғашқы уықты қадаған азаматтар Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Садуақасов, Ораз Жандосов, Әбілқайыр Досов, Жанайдар Сәдуақасов, Қабылбек Сармолдаев, Нығмет Сырғабеков, Нығмет Нұрмақов сынды көптеген ағалардың ғибратты өмірінен, толымды ой-пікірлерінен мәнді көріністер жасап, көпшілікке ой салды. Сол жылы осы басылым үшін жыл қорытындысы бойынша газеттің лауреаты атанды [9, 5 б].

Ж.Бектұров шығармаларының ішіндегі шоқтығы биік туындысы - «Үш Әлекең» тарихи очергінің ғылыми құндылығы ерекше екенін атап өткіміз келеді. Ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, ұлт көшбасшысы, ірі саясаткер Әлихан Бөкейхан, мемлекет және қоғам қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, математикадан тұңғыш қазақ профессоры Әлімхан Ермеков және Әмин Көпеев (Мәшһүр Жүсіптің баласы) жайлы мұрағат деректері мен осы тұлғалардың көзін көрген адамдардың ауызекі әңгімелері негізінде жазды. Бұл очеркінде тарихи деректермен қатар қоғамда ізін әлі суытып үлгермеген саяси ахуалдың бір көрінісін шебер бере білді. Очерк сонысымен де құнды болып табылады. Мәселен: «Мәшһүр Жүсіп туралы, оның ұлы Әмин жайлы да біраз жаздық. «Г.Н. Потанин ауылға соңғы» келгенде деп атап Ә.Ермеков туралы да және бұл кісінің есімін Әлім деп бүркемелеп атап, жетпісінші жылдары «Жезқазған туы» газетінің бірнеше санында көлемді очерк те жарияладық. Ә.Бөкейхан жайлы газеттеріміз тек соңғы кезде ғана жаза бастады. Мұның бірі «Индустриальная Караганда» газетінде басылған менің өз очеркім еді» [10, 4 п.] - дейді өз естелігінде Жайық атамыз.

Осы «Үш Әлекең» тарихи очергінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ортаншы баласы Әмин Көпеев туралыда жазуы бекер емес. Ол туралы өзі «Мәшһүр Жүсіптің балалары жайлы кейбір мағлұматтар» деп аталатын мақаласында: Жүсіп Көпейұлының үш баласы болады. Бәрі де алғашқы зайыбы Рабиға Шегебай қызынан. Бұл бәйбішесі 1915 жылы қайтыс болады. Әке үш баласына үш түрлі сын баға береді: «Бір балам бар өзіме жете туған, бір балам өзімнен өте туған, бір балам бар кежегесі кейін кете туған». Мәшһүрдің өзінен «өте туған» деп отырғаны ортаншы баласы Әмин-Мухамбет-Әмин 1887 жылы туып, 1921 жылы отыздың ішіне шыққанда Ташкентте апат болыпты. Әмин жиырмасыншы жылдары Ташкентке комсомолдың совет ұйымдарының оқу-ағарту майданындағы жалынды да белсенді қызметкері болған. Ол әуелде ауылда, одан Ташкентте комсомол ұйымдарын ұйымдастырушылардың бірі болып қызмет атқарады. Газеттерге өлең, мақала жазады. Ескілікті әдет-ғұрыпқа, байшылдық феодалдық салтқа, дін шырмауына қарсы шығады. Қазақ, өзбек әйелдерін күндіктен, теңсіздіктен құтқарысып, оқуға, мектепке, әлеуметтік жұмысқа тұруына жағдай жасайды. Ол Ташкенттегі № 14 қазақ мектебінің директор - мұғалімі болып, кедей, жалшы балаларын оқуға жетектейді, мектепте комсомол ұйымын құрады. Сол кезде Орта Азия ұлт республикаларын советтік лениндік Қызыл ту астына біріктірген коммунистік партияның Түркістан өлкелік, аймақтық-орталық комитетінің басшы қайраткерлерімен, соның ішінде советтік шығыс комсомолының жетекшісі Ғани Мұратбаевпен, сол тұста жарқ етіп жаңа шыққан алғашқы совет интеллигенциясының іргелі өкілдерімен тығыз байланыста болады. Қызу жұмыс үстінде қайратты да алғыр талапты жігіт Әмин ескішіл, қорқау қара жүрек залымдардың қолынан қаза табады. Қаны қара пасықтар сол тұстағы ашаршылық, таршылықты пайдаланып, жас қызды екі қап бидайға сатып алып, зорлықпен үйленбек, әлде күң орнына ұстамақ болған. Намысты жігіт Әмин жас қызды күндіктен күшпен босатып алып, мектепте оқуына көмектеседі. Содан өшіккен пасық жауыздар көшеден аңдып, 1921 жылғы 18 шілде күні сағат он бірдің кезінде Әминге Ташкенттің Салар өзені жағасында пышақ сілтеген. Әмин ет қызуымен өзі тұрған үйдің басқышына жетіп құлаған. Сүйікті баласының осындай қайғылы қазасын естіп, көп күйініп отырып қалғаннан кейін Мәшһүр бұрынғысынша тағы да өлең жазуы кіріскен», - дейді жазушы [11, 2-3 п.].

Алаш азаматтарын елімен қайта қауыштырған тұлға – Ж.Бектұров деп айтсақ артық айтпаған болар едік. Жазушының тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне жазылған еңбектері өз алдына маңызды дерек. Мәселен: «Бөкейхановтардың ата-бабалары зираты шетіне алпысыншы жылдардың басында Ә.Бөкейханға оның Смахан дейтін бір ағайыны ұлағатты сөз жазып, құлпытас орнатыпты. Ақтоғай ауданы басшылары, Қарағанды облысының сол кездегі бір басшы қызметкері осы тастағы өлеңмен жазған бір шумақты балшық жақтырып, өшіртіп тастапты. Сүйегі, мәйіті қойылмаса да қандай абақты түкпірінде атылып қалғаны белгісіз болса да қадірлі туыстың басына өз жерінде белгі орнатқанның қандай секеттігі бар түсініксіз...» [10, 5 п.]. Жазушы тағы бір естеліктерінде Ә.Бөкейханның

Абай шығармаларын жарыққа - шығаруға қосқан үлесін оның тарих пен әдебиетті зерттеудегі, саясат, экономика саласындағы тындырған еңбектері жайында айта отырып, Ә.Бөкейхан патша Николайдың (екінші) алдында болған деген де дерек келтірді [13, 5 п].

Сонымен қатар, Бұқар жырау Қалқаманұлы, Ш.Уәлиханов, Г.Н. Потанин, Ы.Алтынсарин, Балуан Шолақ, Ә.Бөкейхан, Ә.Ермеков, М.Жұмабаев, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Аманжолов, Е.А. Бөкетов сынды және тағы басқада тарихи тұлғаларға арналған очерктері, қызықты естеліктері, әңгіме, қолжазбалары Ж.Бектұровтың әдеби қызметінде көрнекті орын алады.

Жазушы шығыстанушы, тарихшы, этнограф, географ, ағартушы Шоқан Уәлихановтың туған, өскен, оқыған жерлерінде болып деректер жинаған. Ол туралы өзі: «1985 жылдың жазында Ш.Уәлихановтың туған, өскен алқаптарын аралап жүріп, Сырымбетте Шыңғыстың жұртында, Сырымбет тауы түбінде, Қылшақты көлі басында болып, Володар (Павлодар) ауданының Карасевка селосына да бардым» - деп жазды [10, 28 п]. Жас Шоқан Уәлихановты өз заманында-ақ орыстың ұлы оқымыстылары, көрнекті жазушылары П.Семенов-Тянь-Шанский, Д.И. Менделеев, А.Н. Бекетов, Ф.Достоевский, А.Майков өздерімен тең көріп, білімі, адамгершілігі, алғырлығы үшін қадір тұтып, жоғары бағалады. Қазақ даласында айдауда болып, көрген білгендерін қағаз бетіне түсіру арқылы артына өлмес мұра қалдырған орыстың ұлы ойшылы М.Ф. Достоевский мен географ, этнограф Г.Н. Потанин де жас офицердің жақын, адал досы болды. Қазақ даласында болған сапарында әкесі Шыңғыстың үйінде болып, Шоқанның жеке заттары мен іс-қағаздарын жинап алып көзінің қарашығындай сақтады. Г.Потанин сол сапарын «Ең ақырғы ханзада үйінде» деп атап, қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы Шоқан Уәлихановтың еңбектерінің бірқатарын бүгінгі ұрпаққа сақтап, қастерлеп жеткізгендердің бірі де, бірегейі болды [13, 11 п].

Шығармашылығының тағы үлкен бір бөлігі қазақ поэзиясының ірі өкілдерінің бірі - Мағжан Жұмабаевқа арналды. Жазушы: Мағжан шығыс тарихына да, батыс әдебиетіне де жетік ақын болды. Ол қазақ тілімен қатар орыс тілінде де еркін сөйледі. Сонымен бірге араб, парсы, түрік, өзбек, татар, башқұрт тілдерінде білді. Мінезі баладай еді, адамға қайырымды, қалтқысыз жан еді. Пушкин, Лермонтов поэмаларын жатқа айтты - деп ақынға жоғары баға берді [14, 2 п]. Ақын туралы естеліктері күнделіктерінде де кездеседі: «Ақындарды оқимын. Мағжан байғұсты да оқимын. Теп-тегіс айналасы, жұмыр. Кесек. Өз ойын, мақсатын, тілегін айта білген. Тілегі - қазақ жеріне, ата-баба жеріне қазақтың өзі ие болуы, қазақтың өз алдына тең ел болуы. Қазақтың тілін ұғымын терең білген. Ескіліктен, өткеннен тіреу, сүйеу іздеген өте білікті адам» [15, 1 п].

Көрнекті ғалым Евней Арыстанұлы Бөкетовпен қызметтес жолдас қана емес, сырлас дос бола білді. Ол туралы біз, «Тағдыр тоғысы» очеркінен көре аламыз: «Е.Бөкетов парасатты, байсалды ғалым, қабырғалы, қабілетті ұйымдастырушы, дарынды әдебиетші - сыншы, аудармашы, беделді қайраткер, әрі кішіпейіл, жақсы жандос еді. Оның химия, металлургия саласында ғылымға, өндіріске қосқан елеулі үлесі баршаға мәлім. Е.Бөкетовтің ұзақ жылдарға жақын, сырлас, пікірлес, дәмдес адамдарының бірі мен едім» [16, 8 п]. Осы досының көп кездесе бермейтін ерекше аты туралы да: «Евней дейтін кісі атын да естіген емеспін. Мұны Евнейдің өзі арабша «Ыбыния» деп түсіндіреді. Бұл сөздің мәнісін мен ұмытып қалдым...», - деген болатын [15, 33 п].

Жазушы өз заманының белгілі қоғам қайраткерлері, жазушыларымен жақын дос болды. Олармен үнемі хат жазысып, хат алмасып отырған. Оны сақталған хаттарынан көруімізге болады. Мәселен: С.Мұқанов, Қ.Тәштитев, Ә.Тәжібаев, А.Токмағамбетов, Ғ.Орманов, Ж.Жантөрин, Ә.Еспанбетов, Е.Смаилов, Қ.Аманжолов, Ғ.Сланов, Қ.Сатыбалдин, А.Қожахметов, Қ.Тоқболатов, Ж.Кулитов, У.Батталов, Қ.Серікбаев, Б.Әлиманов, Л.Серғазина, З.Орманова, Ж.Сыздықов, О.Латыпов, М.Ғабдуллин және тағы басқалары [15, 30 п].

Ж.Бектұров жазушылығымен қатар көркем аударма саласына да қалам тартты. Совет және шетел жазушыларының еңбектерін қазақ тіліне аударды. Олар: Д.Дефонның «Робинзон Крузо» (Тұрарбековпен бірлесіп), А.Чаплыгинның «Степан Разин» романдарын,

Л.Пантелеевтің, Р.Фраерманның, Г.Андерсеннің, Г.Серебрякованың, Ш.Патефидің және Я.Гашектердің шығармалары және тағы басқалары [17, 3 п].

Журналистік, жазушылық қызметімен сабақтастыра жүргізген тағы бір жұмысы - тарихи мұраларды, ескерткіш орындарды қорғау, сақтау, қайта қалпына келтіру болды. Ол КСРО Жағрапия қоғамының мүшесі ретінде осы қоғамның Омбы бөлімінің жұмысына тікелей қатысып жүріп, Омбы қаласында бір кезде оқыған Сәкен Сейфуллин, Нығмет Нұрмақовқа ескерткіш тақталар орнатуға 15 жыл уақытын арнады. Омбы жеріне барғанда қазақтың тұңғыш ғалымы ағып ұшқан жарық жұлдызы - Шоқан Уалиханов атына сол қаладан бір көшенің атын беруді сұрады. Талдықорғанда бір мектепке асыл ағамыздың атын бергізіп, Гвардейск ауданындағы марқұмның бейіті басына атына лайық ескерткіш тұрғызуға атсалысты [18, 4 б].

Жазушы шығармашылығы тарихи тұлғалардың әдебиеттің әр дәуірлерінде өмір сүріп, артына өшпес мұра қалдырған ақын-жазушылардың хронологиялық тұрғыдан жүйеге түскен шежіресі іспетті. Жайық Кәгенұлының еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші бойынша 500 ден аса мақаласы бар, ал ол кісі жайлы 70 тен аса мақалалар баспасөз беттерінде жарық көрді. Жайық Бектұров жайлы қалам тартқан зерттеушілер арасында академик Ә.Сағынов, жазушы Ә.Тәжібаев, профессор Т.Кәкішов, сенатор Қ.Сұлтанов, ақын Н.Айтов мемлекет қайраткері С.Досмағамбетов тағы басқа белгілі азаматтар бар [18].

Ж.Бектұров 1998 жылы 26 наурызда сексен алты жасқа қараған шағында өмірден өтті. Өзінің шығармашылық және ұйымдастырушылық таланты арқылы қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, тарихына орасан зор үлес қосты. Кеншілер Отаны Қарағандыда өткізген 40 жылдай уақытында оның шежірелі тарихын жазғандардың бірі болып, қаланың және облыстың энциклопедиясын жасауға атсалысты. Облыс аумағында болған барлық әдеби кештер мен мәдени іс-шаралардың бел ортасында жүрді. Шығармашылығына келер болсақ, тарихи деректерді зерттеп жазған еңбектері, қазақ даласында есімдері алтын әріптермен жазылған ұлы тұлғалардың өмір жолы мен қызметіне арналған естеліктері өз алдына құнды дерек болып табылады. Әсіресе, Сталиндік репрессияның тырнағына іліккен ұлт зиялыларының ардақты есімдерін жабылған жаладан ақтап алуға аянбай қызмет етті.

Әдебиет:

1. Бектұров Ж. Өткел: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1991.-80 б; Жазушы Жайық Бектұров әлемі. Қарағанды облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Ж.Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасы» КММ. – Қарағанды 2006.
2. Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағаты (алда ҚОММ) 1558-қ., 1-т., 843-іс, 1-п.
3. «Тағдыр тәлкегіне түскен тарихи тұлғалар» Қарағандылық саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы: Библиографиялық анықтамалық. -Қарағанды, 2008. -47 бет.
4. Жұмашев Р.М., Золотарев Л.Р., Өскембаев Қ.С. Сарыарқа мәдениеті: монография / - Қарағанды. ҚарМУ баспасы, 2009. - 91б.
5. Абикенова С. **Судьбы репрессированных** // Индустриальная Караганда. - 2005. - 31 май.
6. ҚОММ., 1558-қ., 1-т., 12-іс, 2-п.
7. ҚОММ., 1558-қ., 1-т., 22-іс, 3-4-п.
8. Есенбаев М. О передаче историко-литературного наследия Ж.К. Бектурова в облгосархив // Индустриальная Караганда. -1999. -22 июнь. -1 б.
9. Жайлыбай Ф. Ж.Бектұров: жылдар және ойлар // Орталық Қазақстан. -2012. - 25 қазан. -5 б.
10. ҚОММ., 1558-қ., 1-т., 61-іс, 45-п.
11. ҚОММ., 1558-қ., 1-т., 306-іс, 2-3-п.
12. ҚОММ., 1558-қ., 1-т., 835-іс, 5-п.
13. ҚОММ., 1558-қ., 1-т., 41-іс, 11-п.
14. ҚОММ., 1558-қ., 1-т., 37-іс, 2-п.
15. ҚОММ., 1558-қ., 1-т., 42-іс, 143-п.
16. ҚОММ., 1558-қ., 1-т., 843-іс, 8-п.
17. ҚОММ., 1558-қ., 1-т., 3-п.
18. Халиолла М. Таңбалы тарланның өлмес өмірі басталды. // Орталық Қазақстан. - 2012. - 26 мамыр. -4 б.